

**"Жұмыссыз жастарды тәжірибеден өткізуді ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы" 2009 жылғы 5 мамырдағы N 235 аудан әкімдігінің қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қызылорда облысы Сырдария ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 25 ақпандағы N 82 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаменті Сырдария ауданының Әділет басқармасында 2010 жылы 01 наурызда N 10-8-109 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Сырдария ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 25 шілдедегі N 310 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Сырдария ауданы әкімдігінің 2011.07.25 N 310 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына және "Нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңына сәйкес аудан әкімдігі**ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Жұмыссыз жастарды тәжірибеден өткізуді ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы" 2009 жылғы 5 мамырдағы N 235 аудан әкімдігінің қаулысына (мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 10-8-89 санымен 26.05.2009 жылы тіркелген, "Тіршілік тынысы" газет баспасы 03.06.2009 жылы N 46 санында жарияланған) **ө з г е р і с т е р е н г і з і л с і н :**

1-қосымшасымен бекітілген кәсіби мамандығы бойынша диплом алған жұмыссыз жастарды тәжірибеден өткізуді ұйымдастыру мен қаржыландыру нұсқаулығының 4 тармағының 18 тармақшасындағы "15 000" деген "20 000" деген **с а н ы м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;**

2-қосымшасының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*С. Тәуіпбаев*